



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті



## **СУЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ**

«ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯ

## **МАТЕРИАЛДАРЫ**

## **СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ**

## **МАТЕРИАЛЫ**

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ  
РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ»



УДК 378 (094)  
ББК 74.58  
Қ 22

#### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі; / Председатель Правления – Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтұрсынова, доктор географических наук, член Академии Педагогических Наук Казахстана;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор / проректор по исследованиям, инновациям и цифровизации Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный профессор;

**Хуснутдинова Ляйля Гельсовна**, тарих ғылымдарының кандидаты, «Мәскеу политехникалық университеті» Федералды мемлекеттік автономды жоғары білім беру мекемесінің доценті, Ресей / кандидат исторических наук, доцент Федерального государственного автономного образовательного учреждения высшего образования «Московский политехнический университет», Россия;

**Сухов Михаил Васильевич**, техника ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік- Орал мемлекеттік университетінің (ООМУ) доценті, Челябині, Ресей/кандидат технических наук, доцент Южно-Уральского государственного университета (ЮУрГУ), г. Челябинск, Россия;

**Радченко Татьяна Александровна**, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі / магистр естественных наук, заведующая кафедрой «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Алимбаев Алибек Алпысбаевич**, PhD докторы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а. / доктор PhD, и.о.ассоциированного профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Телегина Оксана Станиславовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы / старший преподаватель кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Шумейко Татьяна Степановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедра профессорының м.а. / кандидат педагогических наук, и.о. профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова

Қ 22

«Қазіргі білім беруді дамытудың өзекті мәселелері»: «СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ-2023» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, 2023 жылдың 15 наурызы. Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 427 б.

«Актуальные вопросы развития современного образования»: Материалы международной научно-практической конференции «СУЛТАНГАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ-2023», 15 марта 2023 года. Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 427 с.

ISBN 978-601-356-257-5

«Сұлтанғазин оқулары-2023» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының «Заманауи білім беруді дамытудың өзекті мәселелері» жинағында жаратылыстану-ғылыми білім берудің мәселелері мен болашағына арналған ғылыми мақалалар жинақталған, жалпы және кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылған, педагогикалық білім берудің ақпараттандыру және дамытудың қазіргі тенденциялары мен технологиялары мәселелері қозғалады.

Осы жинақтың материалдары ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, магистранттар мен студенттерге пайдалы болуы мүмкін.

В сборнике Международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения-2023» «Актуальные вопросы развития современного образования»: представлены научные статьи по проблемам и перспективам естественно-научного образования, рассматриваются психолого-педагогические аспекты общего и профессионального образования, затронуты вопросы информатизации и современных тенденций и технологий развития педагогического образования.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям высших учебных заведений, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-257-5



9|786013|562575|

УДК 378 (094)  
ББК 74.58

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

эффективным при условии учета конкретных условий: создание необходимой творческой атмосферы урока, учет уровня подготовки и возрастных особенностей учащихся [5, с. 112].

Таким образом, можно сделать следующие выводы: внедрение в музыкальное образование инновационных технологий повышает качество образования, при котором объем и наглядность подачи материала способствует быстрому усвоению информации, а также отвечает особенностям восприятия современного учащегося. В свою очередь это позволяет наиболее полно раскрыть возможности педагога и потенциал учащихся, а также сделать образовательный процесс более инициативным, направленным на саморазвитие и самообразование личности. Это мотивирует педагога на овладение новыми знаниями и позволяет быть современным и профессиональным в конструировании музыкального образовательного процесса, а также способствует переходу музыкального образования к реальному реформированию системы образования и дает педагогам и учащимся возможность стать активными участниками познавательного и творческого процесса.

#### Список литературы:

1. Хуторской А.В. Методика личностно - ориентированного обучения: как обучать всех по-разному? М.: Высшее образование, 2005.
2. Буйлова Л., Кленова Н. Как организовать музыкальное образование в школе? – М., 2005.
3. Заболотская И.В. Новые информационные технологии в музыкальном образовании: автореф. дис. ... канд. пед. наук. - С.Петербург, 2000.
4. Савина, Н. Н. Преодоление подростковой делинквентности посредством креативной педагогики : автореф. дис. ... канд. пед. наук / Н. Н. Савина. – Тюмень, 2010. – 41 с.
5. Кульсариева А.Т., Исакова А.Т., Таджиева М.К. Анализ case-study (кейс-стади) в образовании // Научно-методический журнал «Педагогика и психология» №3(24), 2015. – С. 112-117.
6. Гнездилова О.Н. Психологические аспекты инновационной деятельности педагога // Психологическая наука и образование. - 2006. - № 4. - С. 61-65.
7. Гуров В. Инновационная деятельность педагога // Дополнительное образование и воспитание. - 2008. - № 2. - С. 9-15

ӘОЖ 907. 01

#### ОҚУ ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ҚИЫН БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ӘДІС- ТӘСІЛДЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Алиева Перизат Сериковна, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан, E-mail: alievaps@mail.ru*

*Дүйсенбек Алина Тимурқызы, "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің қарасу орта мектебі" КММ, Тараз қ., Қазақстан*

#### Аңдатпа

Мақалада қиын балаларды оқыту технологиялары заманауи педагогиканың барлық мүмкіндіктері, оның басты мақсаты жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін сақтау және дамыту жолдары және педагогикалық практикаға қиын балаларға білім беру технологияларын енгізу пәнаралық білімді және кәсіби-педагогикалық құзыреттердің белгілі бір кәсіби іс-әрекеттерін жетілдіруде педагогтердің белсенділігін арттыру мүмкіндіктері қарастырылады.

**Тірек сөздер:** қиын бала, оқыту, инновация, интернет, жаңашылдық, технология, білім беру ресурстары, диагностика

#### Аннотация

В статье технологии обучения трудных детей рассматриваются все возможности современной педагогики, ее главная цель-пути сохранения и развития творческих возможностей личности и внедрение в педагогическую практику образовательных технологий трудных детей возможность повышения активности педагогов в совершенствовании определенных профессиональных действий межпредметных знаний и профессионально-педагогических компетенций.

**Ключевые слова:** трудный ребенок, обучение, инновации, интернет, инновации, технологии, образовательные ресурсы, диагност

#### Annotation.

The article examines all the possibilities of modern pedagogy, the technologies of teaching difficult children, its main goal is ways to preserve and develop the creative abilities of an individual, and the possibilities of increasing the activity of teachers in improving certain professional activities of interdisciplinary knowledge and professional-pedagogical competences by introducing educational technologies for difficult children into pedagogical practice.

**Keywords:** difficult child, learning, innovation, internet, innovation, technology, educational resources, diagnostics

Қиын балалар әр отбасында болуы мүмкін. Әр түрлі заманауи отбасы дегеннің өзінде қиын балалар көрініс табады. Бұндай мәселенің шешу жолдары – отбасында жақсы қарым-қатна орнату.

В. Сухомлинский: қиын балаларды зерттеу олардың отбасын белгілі деңгейде тану деп білді. Ол отбасы баланың денсаулығының дұрыс болуына, ақыл-ойының жақсы жетілуі, оқу үлгерімінің жақсы болуына өз септігін тигізеді. Олар бастауыш сынапта оқып жүргенде қиын бала екені толық байқалмайды. Одан кейін балалардың есейгенің түсіндіріп, олармен ата- ана жақсы қарым-қатынаста болуын түсіндірді.

Отбасының жалпы қоғам, мемлекет, жеке тұлға және жалпы адамзат тарапында ерекше орын алатыны белгілі.

«Әр отбасы кіші мемлекет» деп айтатын болсақ – адамзат тәрбиесінде – Отанға патриоттық сезім, өмір сүру салты, өзара сүйіспеншілік, эстетикалық, этикалық тәрбие, еңбекке деген құштарлық, адамгершілік, өзара жақсы қарым- қатынас кіретіні бізге белгілі.

Макаренко: «Тәрбие тек баламен сөйлесіп, оған кеңес беру ғана емес, Тәрбие бұл баланың өмірін дұрыс қалыптастыруға негізделіп, балаға өз үлгісін көрсету арқылы ықпал ету болып табылады»- деген. Баламен дұрыс сөйлеп, түсіне білген абзал.

Ата- ана баланың өтінішін барлығын орындай бермей, тыңдап керекті ғана ақыл- кеңес арқылы түсіндіріп, оң пікір қалыптасытуға кеңес беру керек.

Ата –ана отбасында өзара бір-біріне қамқорлық танытып, бір- бірін сыйлай білсе, кішілерге қамқор болып, кішіпейілдік танытып жүрсе оны көрген бала да сондай болып өсуге тырысады.

Л.Керімов: қиын оқушыларды тәрбиелеу мәселесіне арналған зерттеулерінде «қиын» оқушыны зерттеуді ең алдымен отбасы тәрбиесінің жағдайын білуден бастауды ұсынған. Баланың дамуында отбасы тәрбиесінің алатын орны ерекше екенін түсіндіре отырып, ата-ананың баламен, мұғалім және оқушымен қарым-қатынасында мұғалімнің қиын аталуына әкелетін бірнеше кемшіліктерді көрсетеді. Осы мәселені шешудің басты және бірден-бір жолы – отбасында ізгі қарым-қатынас орнату болып табылады.

Ғалым И.А.Невский былай айтып өткен «Өмірде қиын балалардың пайда болуы ең алдымен өзінің отбасындағы жағдайға байланысты және білім нәрін алатын мектептерде жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарының жеткіліксіздігінен деп түсіндірген. Жалпы баланың өзінің ата -анасы тарапынан, мектеп қабырғасынан жылулық сезінбеген, мейірімділік көрмеген оқушы өмірде өзінің ешкімге қажетсізін деп есептейді, сонымен қатар мінезі ашуланшақ,қырсық ата-анасын тыңдамай қатығез болып өсіп жетіледі. Мектепке келгенде қиын оқушылардың пайда болатын себептерін анықтағанда ең алдымен олардың отбасындағы тәрбиеге байланысты болса, ал екіншіден мектептегі күнделікті жүргізілетін жұмыстар мен әр-түрлі тәрбие мәселелеріне аса көңіл бөлуіміз керек. Себебі ,көптеген психолог ғалымдардың пайымдауынша, тәжірибелеріне жүгінетін болсақ білім алушылардың мінез-құлқындағы күрделі қиындықтардың пайда болу себептерін ата-анасы өз балаларына дұрыс тәрбие бермеу және баласына мейірімділік сезімін қалыптастырмау салдарынан болатындығын анықтаған.

1. Отбасындағы жалпы әлеуметтік жағдай;
2. Отасындағы ата- ананың балаға салғырт қарауы;
3. Балаға шектен тыс қамқорлық жасау;

Алғашқы кездерінде бала мектепке қадам басқан сәтінен бастап оқушы мен мұғалім және мұғалім мен оқушы арасында қарым-қатынас қалыптасады. Осы кезде қарым-қатынасты орындау барысында оқушыға бастапқы кезінде қиын болады. Қазіргі кезде мектептегі мұғалімнің барлық балаларға қоятын талаптары да, ұстанымдары мен көзқарастары да бірдей болуы керек деп ойлаймын .Кейбір мұғалімдердің жақсы көретін оқушылары мен жаман оқитын оқушылары да болады. Негізінен бұл мұғалімнің білім алушылармен қоғамдық ортаға қарым-қатынас орнатуын аса қиындатады. Өйткені мұғалім өзінің жақсы көретін балаларына жақсы баға қойып, қолдап отырады, ал қалған балалар әрекет жасап тырысқанмен шет жақта қалып «Мен қанша тырысып әрекет жасап айтқанмен де төмен баға қояды» деген ұраны қалыптасып,жалпы оқушылардың оқу мотивациясыларының төмендеуіне соқтырады. Г.М. Минковский,Л.М. Зюбин, Д.В.Колесов, В.Н.Кудрявцев психологиялық жұмыстарында қиын балалардың көп бөлігі – оқу үдерісін және оқуда болатын қиындықтарға тап болып, берілген тапсырмаларды дұрыс меңгере алмай, өз ортасынан тысқары қалып қалған оқушылар», -деп атап көрсетті. Б.Г. Ананьев, Л.И. Божович жұмыстарында мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас, оқушылардың ата-анасына және құрбыларына қарым-қатынасын анықтап, эксперимент түрінде зерттей білген. Жалпы психологтардың зерттеу жұмыстарына терең үңілсек, оқушылардың мінез-құлқының ауытқулары 6-8 сыныптарда әсіресе, ер балаларда өте қиын өтілетін байқалады екен.

Күнделікті өмірде адамдармен қарым-қатынас жасау, қоғамдық ортада немесе айналадағы аламдармен қарым – қатынас орнату ол тұлғаның қалыптасуының ең маңызды кешендерінің бірі болып саналады. Бұрынғы заманда Ежелгі Греция мен Ежелгі Римде қарым - қатынас мәселелері

шешендік өнер, эвристика және диалектика саласында зерттеліп келген. Көптеген ғалымдардың ішінен И .А.Зимняяның айтуы бойынша қарым – қатынас ХХ ғасырдағы жаңа мәселе болып табылады.Қазіргі кезде қарым –қатынас мәселесі пәндермен тығыз байланысты сонын ішінде философия, әлеуметтану, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика, әлеуметтік психология, жалпы психология, педагогика, педагогикалық психология салаларында зерттеліп келген. Қарым- қатынастың адамның дамуындағы маңызды орнын психологтар В.Г.Ананьев, А.А.Бодалев, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Б.Ф.Ломова, А.Р.Лурья, В.Н.Мясищев, А.В.Петровский осы ғалымдарымыз көптеген іс-тәжірибелер жасап, нәтижесін шығарып й зерттеген.

#### **Қарым - қатынастың келесі аспектілері болады:**

- Мазмұнын құрастыру
- Мақсатын айқындау
- Әдіс- тәсіл құралдары

1. Қарым-қатынас мазмұнын айқындау дегеніміз- ол адамда ішінде болатын мотивация немесе эмоционал көңіл күйі туралы мәліметтерді көрсете алу.

2. Қарым - қатынастың мақсаты дегеніміз ол – адам бойында белгіленген нәрсеге қатысты белсенділіктердің пайда болуы.

3. Қарым-қатынастың әдіс - құралдарына мыналар жатады: тіл, суреттер, сызбалар, бейне таспалар,механикалық, магниттік, лазерлік жазба құралдар.

#### **Қарым-қатынастың жақтары**

- Интерактивтік жұмыстар
- ынтымақтасты жұмыс негіздері
- қарысылық көрсету
- Коммуникативті қарым- қатынас
- ақпарат алмасу жұмыстары
- ақпарат беру мәселелері
- ақпарат тарату –бұйыру және айту
- тығыз қарым-қатынас жасау

#### **Перцептивті**

- идентификациялық
- эмпатиялық
- аттракциялық
- рефлексиялық

Қарым-қатынас

- компромисстер жасау

#### **Қарым - қатынастың типтері**

Манипулятивті қарым -қатынас -партнеріне өзінің іштей мақсаттарын жасырын түрде жүзеге асыру үшін жасалынатын қарым-қатынас түрі. Қарым-қатынастың бұл түрі, әсіресе, бизнес, іскерлік қарым-қатынаста әбден орынды болғанымен,достық,жолдастық,сүйіспеншілік саласында орынсыз.

Диалогты қарым-қатынас - біріккен таным мен партнер арасындағы өзіндік танымды мақсат еткен бірдей құқықты субъекті өзара әрекет. Диалогты қарым - қатынастың ерекшелігі - эгоцентризмнен,өзіндік ұстанымнан альтруизмге, өзгеге, басқаға бағытталған ұстанымға көшу.

Императивті қарым - қатынас – авторитарлы (әміршіл) форма, партнердің мінез - құлқын,ойын, пікірін бақылау, қатынастағы оны белгі әрекет пен шешімге күштеу мақсатымен жүзеге асырады.

Іскерлік қарым-қатынас – тұлға ерекшелігі, мінезі, жасы, көңіл -күйі ескеріледі, бірақ ең бастысы істің орындалуы.

Белгілі бір сала expertі деп сол салада тәжірибесі мол, жеткілікті білімі бар,өзінің интуициясына, біліміне, тажірибесіне сүйеніп қорытынды жасай алатын маманды айтады. Ал есебі expertтік бағалау деген не? Бір шешім қабылдау үшін expertтерді проблемалармен таныстырып, олар пікір жасауға қажетті мәліметтермен қамтамасыз етіледі. Expertтер берген қорытындылар жинақталып,математикалық түрде өңделіп тұжырым жасау expertтік бағалау болады.

Expertиза expertтер жасаған қорытындыларды жинақтауды айтады.

Іс жүзінде қолданылатын expertиза әдістері көп. Солардың кейбірін атапөтелік:

- Өңгіме- сұхбат
- Анкета жүргізіп талдау
- Сұқбат алу
- Ой қозғау
- Әр түрлі іскерлік ойындар т.б

Кейде expertиза жасау әдістерін бірімен бірін байланыстыра істейді (комбанирует).

Expertтік бағалау әдістері екі класқа бөлінеді:

- Жеке тұлғаға бақылау жасау және бағалау
- Топтық бақылау және бағалау
- Топтық , сараптамалық бақылау жасау

Қалыптастырушы бағалаудың осы стратегиялары мұғалімдерге де, оқушыларға да міндеттер мен әдістерге қатысты қабылданатын шешімдердіреттеуге болатын құрылым ұсынады. Әдістер өзгеріп отырады және стратегияларды орындауда қолдануға болатын көптеген тәсілдер баршылық, бірақ қағидаттар тұрақты әрі негізді болуы қажет. Өртүрлі мұғалімдер өртүрлі жастағы балалармен жұмыс істегенде қолданатын әдістер алуан түрлі болып келеді, бірақ тиімді тәжірибе үшін соңғы критерийлер жүйесін құрастыратын стратегиялар мен қағидаттар үнемі бір.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Жұмабаев. А «Мектеп жағдайында қиын оқушыларды тәрбиелеу мәселелері» Алматы, 1991ж.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. Алматы: Ғылым, 1994 ж.
3. Керимов Л.Қ. «Қиын» оқушылар және оларды қайта тәрбиелеу мәселелері. Алматы: Жазушы, 1991 ж
4. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы: Атамұра, 2000 ж.
5. Қалиева Г. Қазақстан мектебі. — 2002.
6. Қоянбаев Ж.Б. Балалар мен жасөспірімдердің отбасылық тәрбиесі. – Алматы: Рауан, 1990ж.
7. Ахметжанова Н. Мінезі қиын балалар // Ұлағат.
8. Өтеген Қ.Қазақстан мектебі. № 7. 2010 ж
9. Қазақстан мектебі 2002 No1
10. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. 2007. № 5
11. М.Жұмабаев «Педагогика» – Алматы 2008 ж

ОӘД 372.8 372.882

#### БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Аралбаева Айзат Фаниқызы, п.ғ.магистрі, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қаласы, Қазақстан, E-mail: dana\_mels\_01@mail.ru*

*Мәлс Дана Даниярқызы, 4 курс студенті, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қаласы, Қазақстан*

#### Аңдатпа

Қазіргі таңда еліміздің болашақ ұрпақтарын тәрбиелеу бағытындағы білім беру мәселесі - мемлекетіміздің басты ұстанымдарының бірі. Осы ұстанымға жетудің бірден – бір жолы: әлемдік білім кеңістігінен орын алу, өркениетті, қуатты елдер қатарына қосылу болып табылады. Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалана отырып білім сапасын арттыру, сондай – ақ рухани жан дүниесі бай, жан – жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеу -осы ұстанымдардан туып отырған өзекті мәселелердің бірі.

**Түйін сөздер:** Инновациялық технология, шығармашылық, терең білімділік.

#### Аннотация

В настоящее время проблема образования в направлении воспитания будущих поколений страны-одна из главных позиций нашего государства. Единственный способ достичь этой позиции: занять место в мировом пространстве знаний, войти в число цивилизованных, могущественных стран. Повышение качества образования с использованием инновационных технологий обучения, а также воспитание всесторонне развитого поколения с богатой духовной душой – одна из актуальных проблем, возникающих с этих позиций.

**Ключевые слова:** Инновационные технологии, креативность, глубокие знания.

#### Annotation

Currently, the problem of education in the direction of educating future generations of the country is one of the main positions of our state. The only way to achieve this position is to take a place in the global space of knowledge, to become one of the civilized, powerful countries. Improving the quality of education using innovative learning technologies, as well as educating a comprehensively developed generation with a rich spiritual soul is one of the urgent problems arising from these positions.

**Keywords:** Innovative technologies, creativity, deep knowledge.

Бүгінгі таңда білім сапасының алдында жүйеленіп дайындалып берген білімді, дағдарды меңгеретін, қайталайтын ой ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар